



Стандарттау, сертификаттау және метрология

БББ мақсаты

Академиялық дәреже: 6В07502 «Стандарттау, сертификаттау және метрология» білім бағдарламасы бойынша техник және технология бакалавры

Білім беру бағдарламасының миссиясы - стандарттау, сертификаттау және метрология саласында инновациялық-бағытталған, бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындауды қамтамасыз ету, еңбек нарығының қазіргі талаптарына жауап беру, олардың кәсіби өсуі мен жеке дамуы үшін негіз болып табылады.

Бітірушілердің кәсіби қызмет саласы стандарттау, сәйкестікті бағалау, аккредиттеу, техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау бойынша қызметті қоса алғанда, техникалық реттеу және метрология саласы болып табылады.

Бітіруші стандарттау жөніндегі маман, сәйкестікті бағалау саласындағы маман, метролог, техникалық сарапшы, сапа жөніндегі менеджер, колледж оқытушысы болып жұмыс істей алады

Оқу барысында "Стандарттау, сертификаттау және метрология" білім беру бағдарламасының студенттеріне академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша үздік шетелдік жоғары оқу орындарында (Ресей, Чехия, Венгрия, Италия) оқуға мүмкіндік беріледі.

Стандарттау, сертификаттау және метрология

Жұмыс істейтін орны

"Стандарттау, сертификаттау және метрология" мамандығы бойынша университет дипломының иегерлері жұмыс істей алады:

- сәйкестікті растау органдарында;
- сынақ зертханаларында (орталықтарда);
- меншіктің барлық түріндегі өнеркәсіп кәсіпорындарында;
- ғылыми-зерттеу орталықтарында;
- тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұйымдарында;
- кәсіпорынның сапа менеджменті орталықтарында;
- кеден қызметі органдарында.